

**«Х.Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясының бастауыш мектебі»
бастауыш білім берудің 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспарына
ТҮСІНІК ХАТ**

Бастауыш білім берудің оқу жоспары білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бағдарламасы болып табылады. Бастауыш білім берудегі мақсат - оқу, жазу, санау, есептеу дағдылары қалыптасқан, ойын, оқу, еңбек, қарым-қатынас сияқты әрекет түрлерін меңгерген, тұлғалық, құндылық қасиеттерді бойына сіңірген, өзін-өзі бақылай және бағалай алатын, салауатты өмір салты мен жеке бас гигиенасы негіздерін, ұлттық менталитетті ескере отырып, отандық және әлемдік мәдениетпен таныстыру, шығармашылық қабілеттері дамыған жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Бастауыш білім берудің жоспары 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496с бұйрық), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білімнің үлгілік оқу бағдарламалары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125, 20 тамыздағы №415 өзгерістер мен толықтырулармен), 2021ж), «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы, 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып құрылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда сабақтан тыс мерзімде, сынып сағаттары есебінен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнімен кіріктіріліп бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Мектеп директоры:



Б.Дускалиева